

Келісілді:

Әдіскер:

Жакенова Ж.Ж. *жаф*

«29» «08» 2023



**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде
2023-2024 оқу жылына арналған
Ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары.
Р.Асубаев атындағы ЖББМ «Айгөлек» шағын-орталығы
«Болашақ» ересек топ**

Тәрбиеші: С.Т.Уралова
С.С.Комекбаева



Темін:
Директоры
Кенова

Р. Асубаев атындағы ЖББМ
2023-2024 оқу жылына
қазақ тілінде оқытатын ересек «Болашақ» тобында ұйымдастырылған
іс-әрекеттің бөлуі.
(4 жастағы балалар)

Апта күндері	*Ұйымдастырылған іс-әрекет	Аптасына нормативтік жүктеме	Ұйымдастырылған іс-әрекет*(ойын,қозғалыс,танымдық,шығармашылық, зерттеу,еңбек,дербес)
Дүйсенбі	Дене шынықтыру	1 рет	Дене шынықтыру** Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет Математика негіздері Қазақ тілі*** Қоршаған ортамен таныстыру Сурет салу Жапсыру Құрастыру Мүсіндеу Музыка****
Сейсенбі	Музыка	1 рет	
Сәрсенбі	Дене шынықтыру	1 рет	
Бейсенбі	Қазақ тілі	1 рет	
Жұма	Дене шынықтыру	1 рет	
	Музыка	1 рет	
	Барлығы	6	



**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде
2023 - 2024 оқу жылына арналған
ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы: Р.Асубаев атындағы ЖББМ «Айгөлек» шағын-орталығы

Тобы: «Болашақ»

Балалардың жасы: 4 жастағы балалар

Жоспардың құрылу кезеңі: қазан 2023 жыл

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қазан	Дене шынықтыру	<p>-Сызықтардың арасымен (арақашықтығы 15 см) жүру, сызықтардың, арқанның, тақтайдың, гимнастикалық скамейканың, бөрененің бойымен жүру.</p> <p>-Қолды екі жаққа созып, басқа қапшық қойып, заттардан аттап өту, бұрылу. Қырлы, көлбеу тақтай бойымен (ені 2 см, биіктігі 30-35 см) жүру. Қолдарды әртүрлі қалыпта ұстап, еденнен 20 – 25 см жоғары қойылған сатының таяқшаларынан, үрленген доптардан (бір-бірінен қашық қойылған 5–6 доп арқылы кезекпен) аттап өту;</p> <p>-Аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп, адымдап жүгіру, сапта бір-бірден, шеңбер бойымен, «жыланша», шашырап жүгіру.</p> <p>-Түрлі тапсырмаларды орындай отырып: шапшаң және баяу қарқынмен, жетекшіні ауыстырып жүгіру, 1–1,5 минут ішінде баяу қарқынмен жүгіру; орташа жылдамдықпен жүруді кезектестіре отырып, 40–50 метрге жүгіру;</p>
	Сөйлеуді дамыту	<p>-Дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекіту.</p> <p>- Ызың және үнді (р, л) дыбыстарды анық айтуға жаттықтыру.</p> <p>-Артикуляциялық аппаратты жетілдіру.</p>
	Көркем әдебиет	<p>-Балалардың түрлі әрекеттерінде ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді тыңдауға, көркем сөзге, кітапқа қызығушылыққа баулу.</p> <p>-Тыңдалған шығарманың мазмұнын қайталап айтуға, қысқа өлеңдерді, санамақтарды жатқа айтуға үйрету.</p> <p>-Шығарма мазмұны мен сипатына сәйкес тақпақтарды, өлеңдерді жаттауда түрлі</p>

		интонацияларды, үзілістерді, логикалық екпінді қолданып, оларды есте сақтауға, шығарма мазмұнын дұрыс қабылдауға. - Кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға баулу.
	Қазақ тілі	-«Күз» тақырыбы бойынша сөздік қорларын кеңейту; «Бұл не?», «Жылдың қай мезгілі?» сұрақтарына қазақ тілінде жауап беруге үйрету; -Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға, шағын сөйлемдер құрастыруға үйрету. (Күз айлары, қыркүйек, қазан, қараша, қолшатыр, күн, түн, жанбырлы, бұлтты, сарғаяды) -«Жемістер» тақырыбы бойынша сөздік қорларын кеңейту; «Ә», «Ө», «І», «Ү», «Ұ» дыбыстарының айтылуын үйрету. -Шағын 3-4 сөздерден сөйлемдер құрастыруға үйрету. (Алхоры, шабдалы, апельсин, банан, қауын, қарбыз, дәруменді)
	Математика негіздері	-5-ке дейін реттік санау дағдыларын дамыту, реттік сан есімдерді атау, сандарды реті бойынша атауға «Нешінші?» сұрағына жауап беруге және қорытынды санды атауға, «Барлығы қанша?» сұрағына жауап беруге үйрету. -Екі қатарда орналасқан заттар тобын салыстыруды үйрету, теңдік және теңсіздік туралы ұғымдарды қалыптастыру. -Тең ұғымын екі тәсілмен саны бойынша кем топқа бір затты қосу немесе артық топтан алып тастау арқылы қалыптастыру, «Қанша болды?», «Қаншасы қалды?» сұрақтарына жауап беруге үйрету. -5 көлемінде тура және кері санауға жаттықтыру.
	Қоршаған ортамен таныстыру	-Балаларды заттық әлеммен таныстыру және онымен әрекет жасау дағдыларын қалыптастыру. Жақын маңайдағы заттарды ажыратып, атай білуді жетілдіру. -Қоршаған орта заттары, олардың қасиеттері және қолданылуы туралы түсініктерін кеңейту. -Қазақ халқының ұлттық киімдерімен, әшекейлерімен таныстыру. -Көлік түрлерінің қолданысын (әуе, су, жерде жүретін көліктер) ажырата білу, оның түрлері және қолданылуы машинаның жабдықтарына байланысты екені туралы (жедел жәрдем, өрт сөндіру машинасы және тағы басқа) білу, телефон, компьютер, теледидардың қолданылуы және оларды пайдаланудың кейбір қарапайым ережелері туралы білу.
	Құрастыру	-Орналастыру тәсілдерін қолдана отырып, пластиналарды тігінен және кірпіштерді, бөлшектерді көлденеңінен орналастыру, құрастыруға қолданған құрылыс бөлшектерін ажырату (текше, пластина, кірпіш, блок және т.б.) және атау, оларды сапасы, көлемі

		<p>мен пішіні бойынша тандау, өзбетінше ойдан құрастыруға мүмкіндік беру, құрастырылған құрылыс бөлшектерінің кеңістікте орналасуын айқындау.</p> <p>-Дайын құрылыспен түрлі ойындар ойнауға ынталандыру.</p> <p>-Құрылыс бөлшектеріне ұқыптылықпен қарау, ойнап болған соң оларды жинау және орнына қою, құрастыру барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау.</p> <p>-Ұжымдық құрастыруға қызығушылықты ояту, құрылыс жобасын бірлесіп ойластыру, құрдастар арасында міндеттерді бөлісу, түрлі құрылымдық тәсілдерді қолдану, командамен бірге нәтижеге қол жеткізу, дайын құрылысты талдау.</p>
	Сурет салу	<p>-Жеке заттарды және бірдей заттарды кайталап салу және олардың қасына басқа заттарды бейнелеу арқылы сюжеттік композицияларды салу.</p> <p>-Сюжетті композицияларды салу кезінде әрбір затқа тән ерекшеліктерді, олардың бір-біріне арақатынасын беру.</p> <p>-Қоршаған ортаның әсемдігіне, қазақ халқының және басқа халықтардың өнер туындыларына, киіз үйге, оның жабдықтарына, тұрмыстық заттарға, ойыншықтарға, сәндік-қолданбалы өнерге қызығушылықты дамыту.</p> <p>-Заттардың пішіні: дөңгелек, сопақ, шаршы, тікбұрыш, үшбұрыш, көлемі бөліктерінің орналасуы туралы түсініктерді бекіту. Заттардың көлемі бойынша арақатынасын беруге үйрету: ағаш биік, бұта ағаштан аласа, гүл бұтадан аласа.</p>
	Мүсіндеу	<p>-Ермексаздың, сазбалшықтың, қамырдың кесектерінен мүсіндеудің келесі дағдыларын қалыптастыру:</p> <p>2) түрлі пішіндегі таныс заттарды және өзіне тән ерекшеліктерін ескере отырып, үлгісі мен елестетуі бойынша көлемін;</p> <p>-Балалардың көлемді пішіндер мен қарапайым композицияларды мүсіндеуге қызығушылығын тәрбиелеу.</p> <p>-Ұлттық ойыншықтар туралы білімдерін кеңейту, халық шығармашылығының желісі бойынша бейнелер жасау.</p> <p>-Балаларды халық шеберлерінің еңбектерімен таныстыру, халық бұйымдарының желісі бойынша ыдыстарды мүсіндеуге үйрету;</p>
	Жапсыру	<p>-Текшеден дөңгелек пішін, тікбұрыштан бұрыштарын бүктеу арқылы сопақ пішін қиюға, ересектердің көмегімен бөліктерді желімдеуге, желімді, сүлгіні қолдануды үйрету.</p> <p>-Дөңгелектерді және сопақша пішіндерді қию дағдыларын жетілдіру.</p> <p>-Тар жолақтарды көлденеңінен қию, шаршыдағы бұрыштарды қиюды бекіту.</p>

		-Геометриялық пішіндерден ою-өрнектерді және жолақтағы өсімдік өрнектерін халықтық өнер түрлері бойынша бірізділігін ескере отырып құрастыру дағдыларын қалыптастыру.
	Музыка	Музыка жетекшісінің жоспары бойынша



**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде
2023 - 2024 оқу жылына арналған
ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы: Р.Асубаев атындағы ЖББМ «Айгөлек» шағын-орталығы

Тобы: «Болашақ»

Балалардың жасы: 4 жастағы балалар

Жоспардың құрылу кезеңі: қараша 2023 жыл

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қараша	Дене шынықтыру	<ul style="list-style-type: none"> -10 м-ге дейінгі қашықтықта заттардың арасымен тура бағыт бойынша, көлбеу тақтай бойымен төрттағандап еңбектеу; етпетімен жатып, гимнастикалық скамейка бойымен қолдарымен тартылып, алға қарай еңбектеу. -Табан мен алақанға сүйеніп, төрт тағандап еңбектеу, 50 сантиметр биіктікте ілінген арқанның астынан еңбектеу. -Құрсаудан еңбектеп өту. -Гимнастикалық қабырғаға жоғары-төмен ауыспалы қадаммен өрмелеу, бөрене және гимнастикалық скамейкадан аттап өту;
	Сөйлеуді дамыту	<ul style="list-style-type: none"> -Ақырын, жылдам сөйлеуді меңгерту үшін тақпақтар мен жаңылтпаштар айтқызу. -Дикция бойынша жұмысты жалғастыру: сөздер мен сөз тіркестерінің дұрыс айтылуын жақсарту. -Фонематикалық естуді дамыту: белгілі бір дыбыстан басталатын сөздерді есту арқылы ажырата білуге және атауға үйрету. - Айналасындағы заттармен сөздік қорды кеңейту
	Көркем әдебиет	<ul style="list-style-type: none"> -Балалардың түрлі әрекеттерінде ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді тыңдауға, көркем сөзге, кітапқа қызығушылыққа баулу. -Тыңдалған шығарманың мазмұнын қайталап айтуға; -Қысқа өлеңдерді, санамақтарды жатқа айтуға, шығарма мазмұны мен сипатына сәйкес тақпақтарды, өлеңдерді жаттауда түрлі интонацияларды, үзілістерді,

		<p>логикалық екпінді қолданып, оларды есте сақтауға, шығарма мазмұнын дұрыс қабылдауға баулу;</p> <p>-Кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға баулу.</p>
	Қазақ тілі	<p>-Тірек сызбасымен жұмыс істей отырып сөз тіркестерін және сөйлемдерді құрастыруға үйрету; «Ү», «І», «Ұ», «Қ», «Ә» дыбыстарының айтылуын үйрету. (Қаймақ, ірімшік, жұмыртқа, күріш, балық, сорпа)</p> <p>-Ұлттық тағамдар атауларымен таныстыра отырып «Азық-түлік» тақырыбы бойынша сөздік қорларын кеңейту;</p> <p>-Ұлттық тағамдардың пайдасы туралы мәлімет беру.</p> <p>-Шағын 3-4 сөздерден сөйлемдер құрастыруға үйрету.</p>
	Математика негіздері	<p>-Балаларға жиын, оның әртүрлі түстегі, пішіндегі, өлшемдегі заттардан тұратындығы туралы түсінік беру,</p> <p>-Заттарды жұппен қою арқылы оларды санамай-ақ салыстыру негізінде тең немесе тең еместігін анықтай білу.</p> <p>- Балаларды геометриялық фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш) және денелерді (куб, шар, цилиндр) танып, атай білуге үйрету,</p> <p>-Геометриялық пішіндерді көру және сипап сезу арқылы зерттеу, сөйлеуде сын есімдерді қолданып, салыстыру нәтижелерін атау (ұзындау-қысқалау, кеңдеу-тарлау, жоғары-төмен, қалың-жұқа немесе ұзындығы, ені, биіктігі, қалыңдығы бойынша тең).</p>
	Қоршаған ортамен таныстыру	<p>-Қозғалыс ортасын ескере отырып, көлік құралдарын танып және атай білу дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>-Әртүрлі көлік құралдары мен оларды басқаратын адамдар туралы білімдерін жетілдіру.</p> <p>-Көлікте жұмыс істейтін адамдарға сыйластық танытуға тәрбиелеу.</p> <p>-Көлік түрлері, жол бөліктері (тротуар, жолдың жүру бөлігі мен жаяу жүргіншілер өтетін жол және жерасты жолдарымен өту), бағдаршам белгілері, жолда жүру ережелері туралы білімдерін қалыптастыру.</p>
	Құрастыру	<p>-Қағаздан құрастыруға үйрету;</p> <p>- Қағаздың парағын ортасынан бүктеп, шиыршықтап, көлемді пішіндерге, орамдарға, ілмекке және т.б. айналдыра білу;</p> <p>-Бұрыштарын және қырларын біріктіру, желімдеу, бөлшектерді өзара желімдеп, композиция құрастыру,</p> <p>-«Оригами» үлгісі бойынша қарапайым пішіндер құрастыру.</p>

	Сурет салу	<p>-Жске заттарды және бірдей заттарды қайталап салу және олардың қасына басқа заттарды бейнелеу арқылы сюжеттік композицияларды салу.</p> <p>-Сюжетті композицияларды салу кезінде әрбір затқа тән ерекшеліктерді, олардың бір-біріне арақатынасын беру.</p> <p>-Қоршаған ортаның әсемдігіне, қазақ халқының және басқа халықтардың өнер туындыларына, киіз үйге, оның жабдықтарына, тұрмыстық заттарға, ойыншықтарға, сәндік-қолданбалы өнерге қызығушылықты дамыту.</p> <p>-Заттардың пішіні: дөңгелек, сопақ, шаршы, тікбұрыш, үшбұрыш, көлемі бөліктерінің орналасуы туралы түсініктерді бекіту.</p>
	Мүсіндеу	<p>- Ермексаз, сазбалшық, пластикалық кесектерден әртүрлі тәсілдерді қолданып, бейнелерді мүсіндеу, әртүрлі пішіндегі таныс заттарды өзіне тән ерекшеліктерін ескере отырып, заттардың толық пішіні пайда болғанға дейін немесе жайылған пішіннің жиектерін ию, жеке бөліктерді тұтас бөліктен созу, майда бөлшектерді қысу сияқты тәсілдермен мүсіндеу.</p> <p>-Мүсінделген заттың, фигуралардың бетін тегістеуге үйрету.</p> <p>-Бірнеше бөліктерден заттарды мүсіндеу, оларды орналастыру, пропорцияларды сақтау, бөліктерді біріктіру.</p> <p>-Балалардың көлемді пішіндер мен қарапайым композицияларды мүсіндеуге қызығушылығын арттыру.</p>
	Жапсыру	<p>-Текшеден дөңгелек пішін, тікбұрыштан бұрыштарын бүктеу арқылы сопақша пішіндерді қиып алуға, бұл тәсілді жемістерді, көгөністерді, гүлдерді, оюларды қиюда қолдану.</p> <p>-Тар жолақтарды көлденеңінен қиюды, шаршының бұрыштарын қиюды үйрету</p> <p>- Геометриялық пішіндерден ою-өрнектерді және жолақтағы өсімдік өрнектерін халықтық өнер түрлері бойынша бірізділігін ескере отырып құрастыру дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>- Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнерімен таныстыру.</p>
	Музыка	Педагог жоспары бойынша



**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде
2023 - 2024 оқу жылына арналған
ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы: Р.Асубаев атындағы ЖББМ «Айгөлек» шағын-орталығы

Тобы: «Болашақ»

Балалардың жасы: 4 жастағы балалар

Жоспардың құрылу кезеңі: желтоқсан 2023 жыл

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Желтоқсан	Дене шынықтыру	-Заттардың арасымен доптарды, құрсауларды бір-біріне домалату. -Заттарды қашықтыққа лақтыру (3,5–6,5 м кем емес), оң және сол қолымен көлденең қойылған нысанаға (2–2,5 м қашықтықтан), 1,5 м қашықтықта тігінен қойылған (нысана ортасының биіктігі 1,5 м) нысанаға лақтыру; -Допты бір-біріне төменнен және бастан асыра лақтыру (1,5 м қашықтықта), қағып алу; допты кедергілер арқылы бастан асыра екі қолымен және бір қолымен лақтыру (2 м қашықтықтан); -Допты жоғары лақтыру және екі қолымен қағып алу (қатарынан 3–4 рет);
	Сөйлеуді дамыту	-Айналасындағы заттармен сөздік қорды кеңейту: - Тұрмыстық заттар және қоршаған орта заттарының қолданылу маңыздылығын түсіну, заттардың атауларын, олардың бөліктері мен бөлшектерін, олар жасалған материалдарды, материалдардың белгілі және белгісіз қасиеттерін сөйлеуде қолдану. -Баланың сөздік қорын айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстардың атауларымен кеңейту, аталған заттардың қолданылу аясы туралы балалармен талқылау. -Сөздік қорды ересектердің мамандықтарын білдіретін зат есімдермен, еңбек әрекетін білдіретін етістіктермен толықтыру.
	Көркем әдебиет	-Балалардың кітаптағы иллюстрацияларды өз бетінше қарастырып, ертегі, әңгіме

		<p>құрастыруына мүмкіндік беру.</p> <ul style="list-style-type: none"> -Шешендікке, сөз өнеріне баулу, халық ауыз әдебиеті шығармаларымен таныстыру; -Санамақ, жаңылтпаш айту, жұмбақ шешу, айтыс өнеріне баулу. - Әдеби шығармаларды мұқият тыңдау
	Қазақ тілі	<ul style="list-style-type: none"> - Шағын 3-4 сөздерден сөйлемдер құрастыруға үйрету. (қыс айлары, аяз, қырау, боран, желтоқсан, қаңтар, ақпан, сырғанақ, шана, коньки) -Тақырып бойынша жаңа сөздермен таныстыру. Өз Отанын, қаласын, астананы дұрыс айтуға үйрету. -Рәміздерді жатқа айтуға тәрбиелеу. (Елтаңба, рәміздер, мұз айдыны, жана жыл, мереке, ақшақар, сыйлық) -«Мынау не?» «Неше?», «Қандай?» деген сұрақтарға дұрыс жауап беруге үйрету.
	Математика негіздері	<ul style="list-style-type: none"> -Заттар шамасы бойынша әртүрлі болатындығы жайлы түсінік беру. -Ұзындығы, ені, және биіктігі бойынша екі затты салыстыру; - Екі затты үстіне және қасына қою тәсілдерін қолданып, жуандығы бойынша заттарды салыстыру, салыстыру нәтижелерін ұзын-қысқа, енді-енсіз, биік-аласа, жуан-жіңішке сын есімдермен белгілеу. - Бірнеше затты өсу және кему ретімен орналастырып, салыстыру.
	Қоршаған ортамен таныстыру	<ul style="list-style-type: none"> -Балаларды адамгершілікке, өзара көмек беруге, ренжіген балаға жанашырлық танытуға және ренжіткен баланың әрекеттерінің әділдігіне көз жеткізіп себебін анықтауға, әділ болған жағдайда әрекет еткен баланың әрекеттерін қолдауға; -Құрдастарының өтініші бойынша ойыншықтарымен бөлісуге, айналасында болып жатқан жағдайларды ой елегінен өткізіп, өзінің әділ пікірін білдіруге баулу. -Қарапайымдылыққа, мейірімділікке және әділдікке тәрбиелеу. -Жағымсыз қылықтары үшін ұятты сезіне білуге, ренжіткені үшін құрдасынан кешірім сұрауға баулу.
	Құрастыру	<ul style="list-style-type: none"> -Қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған бұйымдарымен (ер-тұрман, киіз үйдің жабдықтары, әшекей бұйымдары және т.б.), тұрмыстық заттарымен (күбі, мес, келі, тостаған, ожау, астау, диірмен) таныстыру; - Олардың қандай материалдан жасалғанын зерттеу. -Табиғи (мақта, жүн, жіп, асық, қағаз, тері, кенеп, мата, дәннің түрлері және т.б.) және қалдық (қақпақтың түрлері, пластик, қораптар, кір қыстырғыштар және т.б.) заттардан құрастыру. -Табиғи материалдардан түрлі композиция жасауға ынталандыру.

	Сурет салу	<p>-Дөңгелек, сопақ, шаршы, үшбұрыш пішіндегі қазақ оюларының элементтерін салу, элементтердің орналасу ретін, олардың арасындағы қашықтықты сақтау.</p> <p>-Заттардың пішіні: дөңгелек, сопақ, шаршы, тікбұрыш, үшбұрыш, көлемі бөліктерінің орналасуы туралы түсініктерді бекіту.</p> <p>-Заттардың көлемі бойынша арақатынасын беруге үйрету: ағаш биік, бұта ағаштан аласа, гүл бұтадан аласа.</p> <p>-Балалардың гүлдер, қоршаған заттар мен табиғат объектілерінің түстері мен реңктері туралы ұғымдарын байыту.</p>
	Мүсіндеу	<p>-Ертегілер мен қоршаған өмір тақырыптарына сюжеттік композициялар құру, ұжымдық жұмыстарды орындауда міндеттемелерді өзара бөлісу.</p> <p>-Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен таныстыру, оларды мүсіндеуге баулу.</p> <p>-Дайын мүсінді дөңгелек, сопақ, шаршы, үшбұрыш пішіндегі қазақ оюларының элементтерімен безендіру.</p> <p>-Мүсіндеуде қауіпсіздік ережелерін сақтау.</p>
	Жапсыру	<p>-Текшеден дөңгелек пішін, тікбұрыштан бұрыштарын бүктеу арқылы сопақша пішіндерді қиып алуға, бұл тәсілді жемістерді, көгөністерді, гүлдерді, оюларды киюда қолдану.</p> <p>-Тар жолақтарды көлденеңінен қиюды, шаршының бұрыштарын қиюды үйрету.</p> <p>-Геометриялық пішіндерден ою-өрнектерді және жолақтағы өсімдік өрнектерін халықтық өнер түрлері бойынша бірізділігін ескере отырып құрастыру дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>-Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнерімен таныстыру.</p>
	Музыка	Педагог жоспары бойынша



Мектептің
Асуубаев атындағы ЖББМ
директоры:

М.А. АСУУБАЕВА

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде
2023 - 2024 оқу жылына арналған
ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы: Р.Асубаев атындағы ЖББМ «Айгөлек» шағын-орталығы

Тобы: «Болашақ»

Балалардың жасы: 4 жастағы балалар

Жоспардың құрылу кезеңі: қаңтар 2024 жыл

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс -әрекеттің міндеттері
Қаңтар	Дене шынықтыру	-Бір-бірден сапқа тұру, бір-бірінің жанына сапқа және шеңберге тұру. -Екеуден, үшеуден бірінің артынан бірі қатарға тұру, бағыт бойынша түзелу; оңға, солға бұрылу, орнында айналу; араларын алшақ ұстау және жақын тұру. -Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыкамен сүйемелдеу арқылы орындау. -Жаттығуларды заттармен және заттарсыз орындау.
	Сөйлеуді дамыту	-Сөйлеуде күнделікті көп қолданылатын сын есімдерді, етістіктерді, есімдіктерді қолдану. -Сөздік қорды заттар тобын білдіретін жалпылаушы сөздермен (ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз); -Заттардың орналасқан жерін (сол, оң, қатар, жанында, арасында), тұрмыстық электротехника заттарының және ұлттық тұрмыстық заттардың атауларын білдіретін және мағынасы қарама-қарсы антоним сөздермен байыту. -Ұсынылған сюжеттер бойынша қойылымдарды сахналауға үйрету.
	Көркем әдебиет	-Балалардың кітаптағы иллюстрацияларды өз бетінше қарастырып, ертегі, әңгіме құрастыруына мүмкіндік беру. -Шешендікке, сөз өнеріне баулу, халық ауыз әдебиеті шығармаларымен таныстыру; -Санамақ, жаңылтпаш айту, жұмбақ шешу, айтыс өнеріне баулу.

		- Еркін ойындарда таныс кейіпкерлердің образын өздігінен сомдауға үйрету.
Қазақ тілі		-Сөз тіркестерін және сөйлемдерді құрастыруға үйрету; -«Мынау не?» «Неше?», «Қандай?» деген сұрақтарға дұрыс жауап беруге үйрету. -Қазақ тіліне тән дыбыстарды үйрету. «Қ», «І», «Ү», «БІ» дыбыстарының айтылуын үйрету. -Тақырып бойынша сөздік қорларын кеңейту; тірек сызбасымен жұмыс істей отырып байланысты тілді дамыту;
Математика негіздері		-Заттар шамасы бойынша әртүрлі болатындығы жайлы түсінік беру. -Ұзындығы, ені, және биіктігі бойынша екі затты салыстыру, екі затты үстіне және қасына қою тәсілдерін қолданып, жуандығы бойынша заттарды салыстыру; -Салыстыру нәтижелерін ұзын-қысқа, енді-енсіз, биік-аласа, жуан-жіңішке сын есімдермен белгілеу. -Бірнеше затты өсу және кему ретімен орналастырып, салыстыру.
Қоршаған ортамен таныстыру		-Жақындарының мамандықтарымен таныстыру, олардың атқаратын қызметінің маңызын түсіну, ата-анасының мамандықтарына қызығушылықты қалыптастыру. -Айналаны қоршаған заттар, ойыншықтар – адамдардың еңбегімен жасалғаны туралы түсінік беру, оған ұқыпты қарауға баулу. -Ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің еңбегі, (каламен ауылдың байланысы), диканның еңбегі туралы білімді қалыптастыру. -Өзгенің еңбегінің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу, ересектерге көмек көрсету ниеттерін қолдау.
Құрастыру		-Қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған бұйымдарымен (ер-тұрман, киіз үйдің жабдықтары, әшекей бұйымдары және т.б.), тұрмыстық заттарымен (күбі, мес, келі, тостаған, ожау, астау, диірмен) таныстыру, олардың қандай материалдан жасалғанын зерттеу. -Табиғи (мақта, жүн, жіп, асық, қағаз, тері, кенеп, мата, дәннің түрлері және т.б.) және қалдық (қақпақтың түрлері, пластик, қораптар, кір қыстырғыштар және т.б.) заттардан құрастыру. -Табиғи материалдардан түрлі композиция жасауға ынталандыру. -Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып және құрастыратын материалдарды өзбетінше таңдап, ойдан құрастыруға мүмкіндік беру.
Сурет салу		-Балалардың гүлдер, қоршаған заттар мен табиғат объектілерінің түстері мен реңктері туралы ұғымдарын байыту. -Қоңыр, қызғылт сары, ашық жасыл реңктермен таныстыру және ол түстерді

	<p>өзбетінше жасауға ынталандыру (қажетті түсті шығару үшін бояуларды араластыру).</p> <p>-Пішінің ескере отырып, ою-өрнекті орналастыру, элементтер бірізділігін, олардың арасындағы арақашықтықтарды сақтау, 2-3 элементтерді түсі мен пішіні бойынша ұлттық оюларды ашық түстермен кезектестіру дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>-Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнері туралы білімдерін кеңейту.</p>
Мүсіндеу	<p>-Ертегілер мен қоршаған өмір тақырыптарына сюжеттік композициялар құру, ұжымдық жұмыстарды орындауда міндеттемелерді өзара бөлісу.</p> <p>-Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен таныстыру, оларды мүсіндеуге баулу.</p> <p>-Дайын мүсінді дөнгелек, сопақ, шаршы, үшбұрыш пішіндегі қазақ оюларының элементтерімен безендіру.</p> <p>-Мүсіндеуде қауіпсіздік ережелерін сақтау.</p>
Жапсыру	<p>-Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнерімен, киіз үй оның жабдықтарымен, сандық, кебежемен, қоржынмен және т.б. таныстыру.</p> <p>-Ұжымдық сюжетті композицияны құрастыру дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>-Композицияны құрастыруда дайын пішіндердің көмегімен заттарды киюға немесе өзбетінше ойдан қиып жапсыруға мүмкіндік беру.</p> <p>-Шығармашылық қиялды дамыту.</p>
Музыка	Педагог жоспары бойынша



**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде
2023 - 2024 оқу жылына арналған
ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы: Р.Асубаев атындағы ЖББМ «Айгөлек» шағын-орталығы
Тобы: «Болашақ»
Балалардың жасы: 4 жастағы балалар
Жоспардың құрылу кезеңі: ақпан 2024 жыл

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Ақпан	Дене шынықтыру	<ul style="list-style-type: none"> -Екі қолды белге қойып, оңға-солға бұрылу (жылдам және бір қалыпты). Оңға, солға еңкею, шалқаю. -Етпетінен жатқан қалыпта иықтарын, басын, қолдарын алға созып көтеру. -Аяқтың ұшына көтерілу және тұру. -Екі аяқты кезекпен алға қою, алдымен өкшені, содан кейін аяқтың ұшын қою, тарсылдату.
	Сөйлеуді дамыту	<ul style="list-style-type: none"> -Сөйлемдегі сөздерді байланыстыруға, көмекші сөздерді дұрыс қолдануға үйрету; -Зат есімдерді жекеше және көпше түрде, сан есімдерді ретімен атауға, оларды зат есімдермен септіктерде, жекеше және көпше түрде; - Зат есімдерді сын есімдермен байланыстыруға; -Етістіктерді бұйрық райымен қолдана білуге үйрету (отыр, жүр, жүгір және т.б.).
	Көркем әдебиет	<ul style="list-style-type: none"> -Балалардың кітаптағы иллюстрацияларды өз бетінше қарастырып, ертегі, әңгіме құрастыруына мүмкіндік беру. -Шешендікке, сөз өнеріне баулу, халық ауыз әдебиеті шығармаларымен таныстыру, санамақ, жаңылтпаш айту, жұмбақ шешу, айтыс өнеріне баулу. -Еркін ойындарда таныс кейіпкерлердің образын өздігінен сомдауға; -Оларды басқа қырынан көрсетуге (қатыгез-мейірімді, ақкөңіл-салмақты) ынталандыру.

	Қазақ тілі	<ul style="list-style-type: none"> -Ұжымдық әңгімеге қатысуға үйрету -Әңгімелесушінің сөзін бөлмеу -Кезекпен сөйлеуге үйретуге -Еркін ойындарда және сахналық қойылымдарда адамдармен жануарлардың эмоционалдық көңіл күйін жеткізуге үйрету
	Математика негіздері	<ul style="list-style-type: none"> -Балаларды геометриялық фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш) және денелерді (куб, шар, цилиндр) танып, атай білуге үйрету, - Геометриялық пішіндерді көру және сипап сезу арқылы зерттеу; -Сөйлеуде сын есімдерді қолданып, салыстыру нәтижелерін атау (ұзындау-қысқалау, кендеу-тарлау, жоғары-төмен, қалың-жұқа немесе ұзындығы, ені, биіктігі, қалыңдығы бойынша тең). - Кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтау
	Қоршаған ортамен таныстыру	<ul style="list-style-type: none"> -Табиғат құбылыстары туралы ұғымдарын (жел, жаңбыр, тұман, қар, бұршақ, кемпірқосақ, боран және т.б.) кеңейту. -Бақылау күнтізбесінде ауа райын белгілеу (суық, жылы, күн шуақты, қар, жаңбыр жауғанын, жел соғуы), соған сәйкес киіну. -Қарапайым себеп-салдарлық байланыстарды бақылау және анықтау (жел соғып, жапырақтар түсті, күннің суықтығынан жердегі қар мұзға айналды және т.б.), ойын, еңбек, эксперимент барысында құм, қар, су, мұз, тас, саздың қасиеттерін анықтау. - Қазақстанның түрлі аймақтарында ауа райының түрліше болуы туралы түсінік беру.
	Құрастыру	<ul style="list-style-type: none"> -Қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған бұйымдарымен (ер-тұрман, киіз үйдің жабдықтары, әшекей бұйымдары және т.б.), тұрмыстық заттарымен (күбі, мес, келі, тостаған, ожау, астау, диірмен) таныстыру, олардың қандай материалдан жасалғанын зерттеу. - Табиғи (мақта, жүн, жіп, асық, қағаз, тері, кенеп, мата, дәннің түрлері және т.б.) және қалдық (қақпақтың түрлері, пластик, қораптар, кір қыстырғыштар және т.б.) заттардан құрастыру. - Ұқыптылыққа тәрбиелеу. -Қауіпсіздік ережелелерін сақтау.
	Сурет салу	<ul style="list-style-type: none"> -Балалардың гүлдер, қоршаған заттар мен табиғат объектілерінің түстері мен реңктері туралы ұғымдарын байыту. -Қоңыр, қызғылт сары, ашық жасыл реңктермен таныстыру және ол түстерді өзбетінше жасауға ынталандыру (қажетті түсті шығару үшін бояуларды араластыру).

		<p>-Сурет салуда әртүрлі түстерді қолдануға, көп түске назар аударуға деген ұмтылысты қолдау.</p> <p>-Пішінін ескере отырып, ою-өрнекті орналастыру, элементтер бірізділігін, олардың арасындағы арақашықтықтарды сақтау, 2-3 элементтерді түсі мен пішіні бойынша ұлттық оюларды ашық түстермен кезектестіру дағдыларын қалыптастыру.</p>
	Мүсіндеу	<p>-Ермексаздың, сазбалшықтың, камырдың кесектерінен мүсіндеудің келесі дағдыларын қалыптастыру;</p> <p>-Түрлі тәсілдерді қолданып бейнелеу;</p> <p>-Балалардың көлемді пішіндер мен қарапайым композицияларды мүсіндеуге қызығушылығын тәрбиелеу.</p> <p>-Балаларды тұрмыстық заттар мен бейнелі ойыншықтарды мүсіндеуге қызығушылығын арттыру.</p>
	Жапсыру	<p>-Дайын пішіндерден жануарлар, құстар, гүлдер және т.б. пішінін қию және ол заттарды қағаз бетіне орналастыру дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>-Ұсақ элементтерді ересектердің көмегімен желімдеу, алдымен қағаз бетінде заттың бейнелерін құрастырып, содан кейін оны желімдеу.</p> <p>-Шығармашылық қиялды дамыту.</p> <p>-Жапсыруда қауіпсіздік ережелерін сақтау, жұмысты ұқыптылықпен орындау.</p>
	Музыка	Педагог жоспары бойынша



**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде
2023 - 2024 оқу жылына арналған
ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы: Р.Асубаев атындағы ЖББМ «Айгөлек» шағын-орталығы

Тобы: «Болашақ»

Балалардың жасы: 4 жастағы балалар

Жоспардың құрылу кезеңі: наурыз 2024 жыл

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Наурыз	Дене шынықтыру	-Қимылды ойындарға қызығушылықты дамыту. -Таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытуға баулу. Ойындарда физикалық қасиеттерді (жылдамдық, күш, шыдамдылық, икемділік, ептілік және т.б.) дамыту. -Қимылды ойындарда жетекші рөлді орындауға үйрету, ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу. -Доптармен, секіргіштермен, құрсаулармен және т.б. ойындарда балалардың белсенділігін дамыту.
	Сөйлеуді дамыту	-Сөйлемдегі сөздерді байланыстыруға, көмекші сөздерді дұрыс қолдануға үйрету; -Зат есімдерді жекеше және көпше түрде, сан есімдерді ретімен атауға, оларды зат есімдермен септіктерде, жекеше және көпше түрде, зат есімдерді сын есімдермен байланыстыруға; -Етістіктерді бұйрық райымен қолдана білуге үйрету (отыр, жүр, жүгір және т.б.). -Диалогтік сөйлеуді жетілдіру: әңгімеге қатысуға баулу, диалогке қатысушы үшін түсінікті сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап беруге баулу.
	Көркем әдебиет	-Сахналық қойылымдарға қатысуға; -Таныс әдеби шығармалар, ертегілер бойынша қарапайым қойылымдарды ойнауға; -Образды бейнелеу үшін мәнерлілік құралдарын (интонация, ым-ишара, қимыл) қолдануға, еркін

	ойындарда таныс кейіпкерлердің образын өздігінен сомдауға, -Оларды басқа қырынан көрсетуге (қатыгез-мейірімді, аккөніл-салмақты) ынталандыру.
Қазақ тілі	Педагог жоспары бойынша
Математика негіздері	-Кеңістікті бағдарлау -Кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтау; -Берілген бағытта қозғалу (алға-артқа, оңға-солға, жоғары-төмен), заттардың өзіне қатысты орналасуын сөздермен белгілеу. -Тәулік бөліктері (танертең, күндіз, кеш, түн) олардың сипаттамалық ерекшеліктері мен реттіліктері, «бүгін», «кеше», «ертең» туралы ұғымдарын кенейту.
Қоршаған ортамен таныстыру	-Өсімдіктер, оларға күтім жасау (жерді қопсыту, суару, жапырақтардың шанын сүрту) туралы түсінікті дамыту. -Бақылау, эксперимент және еңбек ету барысында өсімдіктердің тірі тіршілік иелері екендігін, өсімдік тұтастығының мәнін, олардың өсуі үшін жер, топырақ, су, күн, жарық, ылғал, жылудың қажеттілігін анықтау. -Өсімдіктердің даму кезеңдері (тұқым, көшет, сабақ, жапырақ, гүл, тұқым) туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. -Бөлме өсімдіктеріне және табиғат бұрышындағы жануарларға күтім жасау, адамның табиғатқа қамқорлық танытуының маңызы туралы білімдерін қалыптастыру.
Құрастыру	-Құрылыс бөлшектеріне ұқыптылықпен қарау; -Ойнап болған соң оларды жинау және орнына қою; -Құрастыру барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау. -Ұжымдық құрастыруға қызығушылықты ояту.
Сурет салу	-Балаларды суреттерді қылқаламмен, қаламмен бояуға үйрету; -Заттарды бояуда сызбалар мен жақпаларды бір бағытта жоғарыдан төменге немесе солдан оңға пішіннің шеткі сызығынан шықпай ырғақты түрде бояу. -Қылқаламды үстінен баса отырып, жуан сызықтарды ал қылқаламның ұшымен жіңішке сызықтарды жүргізу. -Сурет салуда еңкеймей, арқаны тік ұстап, дұрыс еркін отыруға.
Мүсіндеу	-Ертегілер мен қоршаған өмір тақырыптарына сюжеттік композициялар құру, -Ұжымдық жұмыстарды орындауда міндеттемелерді өзара бөлісу. -Дайын мүсінді дөңгелек, сопақ, шаршы, үшбұрыш пішіндегі қазақ оюларының элементтерімен

		<p>безендіру.</p> <p>-Мүсіндеуде қауіпсіздік ережелерін сақтау.</p>
	Жапсыру	<p>-Дайын пішіндерден жануарлар, құстар, гүлдер және т.б. пішінін кию және ол заттарды қағаз бетіне орналастыру дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>- Композицияны құрастыру кезінде заттар мен нысандардың көлемі бойынша арақатынасын ескеру.</p> <p>- Ұсақ элементтерді ересектердің көмегімен желімдеу;</p> <p>- Алдымен қағаз бетінде заттың бейнелерін құрастырып, содан кейін оны желімдеу.</p>
	Музыка	Педагог жоспары бойынша

	заттар, құбылыстар, оқиғалар туралы ақпаратты талқылауға баулу. -Үсынылған сюжеттер бойынша қойылымдарды сахналауға үйрету.
Көркем әдебиет	-Сахналық қойылымдарға қатысуға, - Таныс әдеби шығармалар, ертегілер бойынша қарапайым қойылымдарды ойнауға, образды бейнелеу үшін мәнерлілік құралдарын (интонация, ым-ишара, кимыл) қолдануға; - Еркін ойындарда таныс кейіпкерлердің образын өздігінен сомдауға; -Оларды басқа қырынан көрсетуге (қатыгез-мейірімді, ақкөңіл-салмақты) ынталандыру.
Қазақ тілі	Педагог жоспары бойынша
Математика негіздері	-Кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтау, берілген бағытта қозғалу (алға-артқа, оңға-солға, жоғары-төмен), заттардың өзіне қатысты орналасуын сөздермен белгілеу. -Тәулік бөліктері (таңертең, күндіз, кеш, түн) олардың сипаттамалық ерекшеліктері мен реттіліктері туралы айту; -«Бүгін», «кеше», «ертең» туралы ұғымдарын кеңейту. - Бірнеше затты өсу және кему ретімен орналастырып, салыстыру.
Қоршаған ортамен таныстыру	-Төрт түлік және оның төлдері (мінезіндегі ерекшеліктер, қозғалысы, қоректенуі, адамдарға пайдасы), оларға күтім жасаудағы ересектердің еңбегі туралы ұғымдарын кеңейту. -Жабайы аңдар, олардың сыртқы түрі, қозғалуы, тіршілік ету ортасы, азығы, қысқа бейімделуі туралы ұғымдарын байыту. -Бақылау барысында жануарлар әлеміндегі маусымға тән көріністерді: күзде – көбелектер, қоңыздар, кейбір құстардың болмауы, қыста-құстарды қоректендірудің қажеттігі, көктемде көбелектер, қоңыздардың пайда болуы, құстардың көбеюі, олардың сайрауы, шықылықтауы, шикылдауы, ұя салуы, балапан шығаруы, жазда көбелектер, қоңыздар, инеліктер, құстардың көбеюін салыстыру, олардың тіршілік етуіне қажетті жағдайларды: азық, су, жылу, жарық, мекендейтін орнын анықтау.
Құрастыру	- Қағаздан құрастыруға үйрету: қағазды тікбұрышты парағын жартысынан бүктеп, бұрыштарды және қырларды біріктіру, детальдің негізгі түріне желімдеу. -Балаларды табиғи материалдардан түрлі заттар даярлауға баулу. -Табиғи материалдардан түрлі композиция жасауға ынталандыру. -Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып және құрастыратын материалдарды өзбетінше таңдап, ойдан құрастыруға мүмкіндік беру.

	<p align="center">Сурет салу</p>	<p>-Қылқаламды үстінен баса отырып, жуан сызықтарды ал қылқаламның ұшымен жіңішке сызықтарды жүргізу. -Пішінін ескере отырып, ою-өрнекті орналастыру, элементтер бірізділігін, олардың арасындағы арақашықтықтарды сақтау; -2-3 элементтерді түсі мен пішіні бойынша ұлттық оюларды ашық түстермен кезектестіру дағдыларын қалыптастыру. -Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнері туралы білімдерін кенейту.</p>
	<p align="center">Мүсіндеу</p>	<p>-Ермексаздың, сазбалшықтың, камырдың кесектерінен мүсіндеудің келесі дағдыларын қалыптастыру -Түрлі тәсілдерді қолданып бейнелеу; -Балалардың көлемді пішіндер мен қарапайым композицияларды мүсіндеуге қызығушылығын тәрбиелеу. -Балаларды тұрмыстық заттар мен бейнелі ойыншықтарды мүсіндеуге қызығушылығын арттыру.</p>
	<p align="center">Жапсыру</p>	<p>-Барынша күрделі заттарды, жануарлар пішінін бейнелеу; -Заттарды қағаз бетінде орналастыру дағдыларын қалыптастыру. -Композицияны құрастыру кезінде заттар мен нысандардың көлемі бойынша арақатынасын ескеру; -Көлденеңінен қию, шаршыдағы бұрыштарды қиюды бекіту.</p>
	<p align="center">Музыка</p>	<p>Педагог жоспары бойынша</p>



**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде
2023 - 2024 оқу жылына арналған
ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы: Р.Асубаев атындағы ЖББМ «Айгөлек» шағын-орталығы

Тобы: «Болашақ»

Балалардың жасы: 4 жастағы балалар

Жоспардың құрылу кезеңі: мамыр 2024 жыл

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Мамыр	Дене шынықтыру	<ul style="list-style-type: none"> -Жалпақ табандылықтың алдын-алу үшін түрлі жолдармен, жылы күндері шөптің, құмның үстімен жалаң аяқ жүру. - Қимылдауға ыңғайлы, жеңіл киіммен желдетілген бөлмеде дене жаттығуларын орындау. -Тыныс алу жолдарын шынықтыру. - Қолдарды әртүрлі калыпта ұстап, еденнен 20 – 25 см жоғары қойылған сатының таяқшаларынан, үрленген доптардан (бір-бірінен қашық қойылған 5–6 доп арқылы кезекпен) аттап өту.
	Сөйлеуді дамыту	<ul style="list-style-type: none"> -Айналасындағы заттармен сөздік қорды кеңейту; -Тұрмыстық заттар және қоршаған орта заттарының қолданылу маңыздылығын түсіну; -Заттардың атауларын, олардың бөліктері мен бөлшектерін, олар жасалған материалдарды атап үйрету; -Материалдардың белгілі және белгісіз қасиеттерін сөйлеуде қолдану.
	Көркем әдебиет	<ul style="list-style-type: none"> -Сахналық қойылымдарға қатысуға, таныс әдеби шығармалар, ертегілер бойынша қарапайым қойылымдарды ойнауға;

	<ul style="list-style-type: none"> -Образды бейнелеу үшін мәнерлілік құралдарын (интонация, ым-ишара, кимыл) қолдануға; -Еркін ойындарда таныс кейіпкерлердің образын өздігінен сомдауға, оларды басқа қырынан көрсетуге (қатыгез-мейірімді, аккөніл-салмақты) ынталандыру. - Кітаптағы иллюстрацияларды өзбетінше қарастыруға;
Қазақ тілі	Педагог жоспары бойынша
Математика негіздері	<ul style="list-style-type: none"> -Кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтау; -Берілген бағытта қозғалу (алға-артқа, оңға-солға, жоғары-төмен), заттардың өзіне қатысты орналасуын сөздермен белгілеу. -Тәулік бөліктері (таңертең, күндіз, кеш, түн) олардың сипаттамалық ерекшеліктері мен реттіліктері, - «Бүгін», «кеше», «ертен» туралы ұғымдарын кеңейту.
Қоршаған ортамен таныстыру	<ul style="list-style-type: none"> -Жәндіктер туралы (қоңыз, көбелек, шыбын, құмырсқа), қыстап қалатын және жыл құстары туралы ұғымдарын кеңейту. -Табиғаттағы қарапайым тәртіп ережелерін сақтау, - Қарапайым экологиялық білімдерін қалыптастыру; - Жануарлар мен өсімдіктерге күтім жасауға (өсімдіктерді қорғау, қыстап қалған құстарға жем беру) баулу.
Құрастыру	<ul style="list-style-type: none"> -Балаларды табиғи материалдардан түрлі заттар даярлауға баулу. - Конструктор бөлшектерінен құрастыру. -Дайын құрылыспен түрлі ойындар ойнауды үйрету; -Қағаз парағын түрлендіруді жалғастыру.
Сурет салу	<ul style="list-style-type: none"> - Балалардың дербес тәжірибелік әрекеттерімен байланысты эстетикалық қабылдауын дамыту. -Бояулармен, қарындаштармен, борлармен дәстүрлі және дәстүрден тыс тәсілдермен сурет салудың техникасын жетілдіру. - Қоршаған ортаның әсемдігіне, өнер туындыларына, тұрмыстық заттарға, қазақ және басқа халықтардың ойыншықтарына эмоционалды-эстетикалық талғам дағдыларын қалыптастыру. -Қазақ халқының және басқа халықтардың сәндік-қолданбалы өнер шығармаларымен таныстыру барысында эстетикалық қабылдауын дамыту
Мүсіндеу	<ul style="list-style-type: none"> -Ертегілер мен қоршаған өмір тақырыптарына сюжеттік композициялар құру, ұжымдық жұмыстарды орындауда міндеттемелерді өзара бөлісу.

		<p>-Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен таныстыру, оларды мүсіндеуге баулу.</p> <p>-Дайын мүсінді дөңгелек, сопақ, шаршы, үшбұрыш пішіндегі қазақ оюларының элементтерімен безендіру.</p> <p>-Мүсіндеуде қауіпсіздік ережелерін сақтау.</p>
	Жапсыру	<p>-Дайын пішіндерден жануарлар, құстар, гүлдер және т.б. пішінін қию және ол заттарды қағаз бетіне орналастыру дағдыларын қалыптастыру</p> <p>- Ұсақ элементтерді ересектердің көмегімен желімдеу, алдымен қағаз бетінде заттың бейнелерін құрастырып, содан кейін оны желімдеу.</p> <p>-Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнерімен, киіз үй оның жабдықтарымен, сандық, кебежемен, қоржынмен және т.б. таныстыру.</p> <p>-Элементтердің ретін, олардың арасындағы арақашықтықты сақтауды, пішінін ескере отырып, ұлттық ою-өрнекті қолданып, тұрмыстық заттарды, ыдыстарды безендіру дағдыларын дамыту</p>
	Музыка	Педагог жоспары бойынша